



120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы,
Әйтеке би кенті, Қобыланды батыр көшесі №20
тел: 8(72438) 27-2-34

120400, Кызылординская область, Казалинский район,
кент Айтеке би, улица Кобыланды батыра №20
тел: 8(72438) 27-2-34

БҰЙРЫҚ № 25

ПРИКАЗ №

«2022-2023 оқу жылын бастау және
оқу жылының ұзақтығы туралы»

31.08.2022жыл

Орта білім беру ұйымдарында оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттесттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29030 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. 2022 - 2023 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникулы кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалсын:

1) 2022 - 2023 оқу жылының басталуы - 2022 жылғы 1 қыркүйек-2023 жылдың 25 мамырын қоса алғанда;

2) оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 33 оқу аптасы, 2-11 (12)- сыныптарда – 34 оқу аптасы;

3) оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:

1 тоқсан-8 оқу аптасы 1-11 (12) – сыныптарда:

1тоқсан- күзгі каникул – 7 күн (2022 жылғы 31 қазан – 6 қараша аралығында),

2 тоқсан-қысқы каникул – 8 күн (2022 жылғы 29 желтоқсан мен 2023 жылғы 7 қаңтар аралығында),

3тоқсан-көктемгі каникул – 10 күн (2023 жылғы 21-31 наурыз аралығында);

4тоқсан-8 оқу аптасы

1-сыныптарда қосымша каникул – 7 күн (2023 жылғы 6-12 ақпан аралығында).

Қорытынды аттестаттау мынадай мерзімдері бекітілсін;

9 (10) сыныптарда білім алушылардың қорытынды бітіру емтихандары 2023 жылғы 3-10 маусым аралығында өткізілсін.

3. 11 (12) сыныптарда білім алушылардың мемлекеттік бітіру емтихандары – 2023 жылғы 28 мамыр-11 маусым аралығында өткізілсін

Мектеп директорының
уақытша міндетін атқарушы



Ж.Жолмырзаева

Қ.Жолмырзаева